

**"Ертіс су қоймалары құламасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 сәуірдегі № 540 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 355 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 546 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ертіс су қоймалары құламасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 сәуірдегі № 540 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 14, 189-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ертіс су қоймалары құламасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.";

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 15 сәуірдегі  
№ 355 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

## **Ертіс су қоймалары құламасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссияның құрамы**

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	- Қазақстан Республикасының Министрінің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төраға
Нысанбаев Ерлан Нұралыұлы	- Қазақстан Республикасының ортаны қорғау вице-министрі, орынбасары
Жаксалиев Бақытжан Мұхамбетқалиұлы	- Қазақстан Республикасының және жаңа технологиялар Индустрия вице-министрі, төрағанын орынбасары
Жәкенов Мұхтар Сейфоллаұлы	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары комитеті су ресурстарын пайдалану және қорғау басқармасының бастығы, хатшы
Смайылов Жанболат Амангелдіұлы	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Әбсаттаров Қайрат Бектайұлы	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Әбішев Ислам Әлмаханұлы	- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы
Әшімбетов Нұржан Кемерұлы	- Павлодар облысы әкімінің орынбасары
Кошелев Владимир Леонидович	- Шығыс Қазақстан облысы орынбасары
Алпыспаев Талғат Тұрсынұлы	- "KEGOC" акционерлік қоғамының "Шығыс өңіраралық электр желілері" филиалының директоры (келісім бойынша)
Курый Юлия Анатольевна	- "AES Өскемен гидроэлектрстанциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "AES Шүлбі гидроэлектрстанциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша)
Свамбаев Рысқан Тиышпекұлы	- Болат Нұржанов атындағы "Екібастұз МАЭС-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша)
Әженов Әлімәулет Абзалұлы	- "Ұлы Ертіс-Великий Иртыш" су пайдаланушылары қауымдастығының төрағасы (келісім бойынша)

Б е л о в Владимир Александрович	- "Екібастұз акционерлік төрағасы (келісім бойынша)	МАЭС-2 қоғамының	станциясы" басқарма
К о б л о в Сергей Михайлович	- "Қазмырыш" серіктестігінің гидроэнергетикалық (келісім бойынша)	жауапкершілігі кешенінің	шектеулі Бұқтырма директоры
С ы з д ы қ о в Қанат Тұрлыбекұлы	- "Ертіс" су тұтынушылар (келісім бойынша)	пайдаланушылар қауымдастығының	және су президенті
Л а в р и н е н к о Юрий Иванович	- "KAZLOGISTICS" қауымдастығы (келісім бойынша)	көліктік-логистикалық басқармасының	төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК